

« Рух » дебат клубы үйірмесінің 3 жылдық жұмысы бойынша есебі

Мақсаты: Мектептегі дебат клубы үйірмесінің жүргізілуі, оқушылардың жеткен жетістіктері туралы есеп беру.

2021-2022 оқу жылының басында мектепте «Рух» дебат клубы үйірмесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Үйірмеге 8-11 сынып оқушыларынан құрылған 15 қатысушы тізімі құрылды. Жоспарға сәйкес оқушыларға жалпы дебат ұғымын, оның түрлері, оқушыларға беретін артықшылықтары мен тигізер пайдасы қандай екені туралы айтылды. Дебат үйірмесі жұмасына 2 сағаттан, аптаның сейсенбі, жұма күндері жүргізіледі. Оқушылар үйірмеге қызығушылықпен қатысып, үйірме барысында тәжірибелі дебатшылардың ойындарына қарап шабыт алады.

« Рух » дебат клубы мақсаты: өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру; оқушылардың бойында жауапкершілік туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу; республикадағы пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау.

22 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған, "COVID-19 ғасыр індеті" атты мектепшілік дебат турнирі өтті.

Дебаттың мақсаты: Өскелең ұрпақтың өзіндік азаматтық пікірін, сыни көзқарасын қалыптастыру.

Дебатқа "Ақиқат ұшқыны" және "Тәуекел" топтарынан құрылған 7 сынып оқушылары қатысты.


Ұйымдастырушысы: тарих пәнінің мұғалімі Махатова Майра Шынтөреқызы



27 қазан Ағымдағы жылдың 26-шы қазан күні мектебімізде "Жігер" ұлдар тобының "Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы" тақырыбында алғашқы отырысы өткізілді.

Қонаққа "Рух" пікір сайыс үйірмесінің жетекшісі, тарих пәні мұғалімі, Республикалық "Үздік педагог-2020" конкурсының жүлдегері, "Жанқиярлық күресі үшін" медалының иегері, "Қазақстанның әкелері" республикалық әкелер қоғамдастығының құрылтайшысы, Ақтөбе пікірталас орталығының директоры, көп балалы әке-Тобылбаев Еркін Теміржанұлы шақырылды. Кездесу келген Еркін Теміржанұлы балаларға тақырып төңірегінде ой қозғап, өмірмен байланыстырып, ақыл кеңесін берді.

Білім алушылар қонаққа көкейдегі сауалдарын қойып, рухани азық алды.



29 қараша Ақтөбе облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен "Ұшқыр ой - мүмкіндіктер алаңы" атты Ақтөбе мектеп лигасының жас буындарына арналған турнирге мектебімізде құрылған "Рух" пікір сайысшылар тобының мүшелері Куркембаева Лиана, Аманғос Ажар, Мехитова Аяна, Аманғос Әмина қатысып, білім ордамыздың атына берілген дипломмен марапатталды.

Алдағы уақытта жас пікір сайысшыларымызға сәттілік тілейміз!



22 желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Республикалық "Ұшқыр ой алаңы" пікірсайыс қозғалыс аясында "Жастар және Экология" тақырыбында Әл-Фараби атындағы #21 мамандандырылған гимназиясында өткізілген пікірсайысқа мектебіміздің "Рух" пікірсайыс мүшелері қатысып, "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" ММ-нің Әдістемелік кабинетінің директоры А.Сулейменованың "Алғыс хатымен" марапатталды. Жас пікірсайысшыларымызға алдағы уақыттағы турнирлеріне сәттілік тілей отырып, құттықтаймыз!



2022 жылдың 10 ақпан күні Біз Заман біздікі Интеллектуалды элиталар одағының мүшелері №45 жалпы білім беретін орта мектебінің оқушыларының пікірсайысқа деген қызығушылықтарын естігенен кейін өз тәжірибемізбен бөлісуді жөн көрдік.



15 наурыз күні біздің мақсатымыз өсіп келе жатқан оқушыларға яғни болашақ жастарға өз ойын еркін жеткізуге, кез келген мәселені жан-жақты ойлануға, жұрт алдында ұялмай сөйлеуге үйрету.

Интеллектуалды элиталар одағының мүшелері :

Нұрлан Балнұр	Абенов Айдар
Сәрсенбаев Нұрлыбек	Қайырбек Айдана



Пікірсайыс қозғалысын одан әрі дамыту.



3 сәуір “Халыкаралық сайлау күні” қарсаңында Ақтөбе қаласы [#45](#) жалпы білім беретін орта мектебінің “Рух” пікірсайыс клубының оқушыларымен [#60](#) жалпы білім беретін орта мектебінің “Әділет жаршысы” пікірсайыс клубының оқушылары арасында "Тикток зиян берген заттарды тап" және "Зиянды заттарға салық салу" тақырыптарында жолдастық ойындары өткізіліп, жас пікірсайысшылардың ұшқыр ойлы сөздері көрермен

көңіліне қуаныш ұялатты.

Ұйымдастырушы: Ақтөбе пікірталас қозғалысының үйлестірушісі Еркін Теміржанұлы



11

қараша күні Біздің Интеллектуалды элиталар одағының мүшелері №45 жалпы білім беретін орта мектебінің оқушыларының пікірсайысқа деген қызығушылықтарын естігенен кейін өз тәжірибемізбен бөлісуді жөн көрдік. Мектептегі оқушыларды ұшқыр ой алаңына қызықтыру мақсатымен жиналыс жасадық. Оқушылар үлкен қызығушылық танытты.

Біздің мақсатымыз өсіп келе жатқан оқушыларға яғни болашақ жастарға өз ойын еркін жеткізуге, кез келген мәселені жан-жақты ойлануға, жұрт алдында ұялмай сөйлеуге үйрету.



2023 жылдың 19 қаңтар күні мектепішілік «Телефонның пайдасы мен зияны» атты 9 «А», 9 «Ә» сынып оқушыларының арасында дебаттық турнир өтті. Сынып екі топқа бөлінді. 1 топ: Үкімет; 2 топ: Оппозиционер болып. Оқушылар ХХІ ғасыр жаңа технологиялар заманы екенін атап өтіп соның ішінде гаджеттер заманы екенін айтып өтті. Екінші топ керісінше рухани құндылықтар азаюда деп ұтымды ойлар айтылды. Телефонның пайдалы жағы мен зияны туралы өте құнды мәліметтер мысалдарымен келтіріліп айтылды. Дебат өте тартысты өтті. Оқушылар белсенді қатысты. Гаджеттің пайдалы жағын айтқан команда жеңіске жетті. Клуб жетекшісі Нұрланқызы Балнұр

<https://www.instagram.com/reel/CkSMfNhDnyc/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

23-інші ақпанында “Бүкіл әлем мен үшін” апталық аясында 8-9 класс оқушылары арасында “Ересектік сезім. Бұл не?” тақырыбында клубішілік пікір сайыс турниры өтті. Пікір сайысқа Шах фракциясы атынан Кесікбай Ерхан мен Қуаныш Жәмиля, Мат фракциясы атынан Сагиев Нурталап, Шарип Джамиля қатысты. Турнир нәтижесі бойынша Шах фракциясы жалынды қарсылықтарымен және алаңын әділетті құрып жеңіске жетті.



9



наурыз күні Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасында "Мен халқымнан жоғары емеспін" атты қалалық пікірсайысшы оқушылардың жолдастық кездесуі ұйымдастырылады.

Кездесуге мектебіміздің "Рух" пікірсайыс мүшелері қатысып, өз ойларын ортаға салып, рухани азық алды. Екі іріктеу сайысынан өтіп, оқушыларымыз Алғыс хатқа ие болды.

Жетекшісі: Сәндіғалиева Мира Нұрдәулетқызы



Cілтеме: https://www.instagram.com/p/CiS3DnLsm_P/?utm_source=ig_web_button_share_sheet

19 сәуір күні мектепшілік 8 – 9 сынып арасында «Ұшқыр ой алаңы» атты пікірсайыс турнирі өтті. Пікірсайыста 3 мәселе бойынша тақырыптар қозғалды.

1. Мектепті 9 бітіріп немесе 11 бітіріп кеткен дұрыспа
2. Кітап, газет, журнал жазбаларын қазіргі цифрлық аудио, видео, мультсериалдарға алмастыру қаншалықты тиімді.
3. Ұл мен қыз арасында достық болама?

Сайысқа 4 команда қатысты. Олар: «Сұңқар», «Түймедақ», «Самұрық» және «Тапқыр» командалары. Сайысқа қалалық дебат жеңімпазы Нұрланқызы Балнұр төрелік етті. Сайыс соңында жеңімпаз командалар марапатталды. 1 орынды «Сұңқар» командасы, 2 орынды «Самұрық» командасы, 3 орынды «Түймедақ» және «Тапқыр» командалары бөлісті. Сайыс өзара өте тартысты қызықты өтті.




23 қазан күні мектебімізде “Тұғыры биік тәуелсіз ел- Қазақстан” атты турнир өтті. Бұл шараға №45 ЖББОМ-ті 8 класс оқушыларынан құралған “Рух” пікірталас клубының пікірсайысшылары қатысты. Бұл шарада оқушылар тәуелсіздік жолында құрбан болған тарихи тұлғалар туралы айтты. Клуб жетекшісі Нұрланқызы Балнұр



<https://www.instagram.com/reel/CkSMfNhDnyc/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==>

20 желтоқсан айында 8—9класс оқушыларынан құрылған пікірсайыс клуб мүшелері арасында «Жаны саудың тәні сау» тақырыбында клубішілік пікірсайыс турниры өтті. Пікірсайысқа жарқын болашақ фракциясы атынан Кесікбай Ерхан мен Серікова Нұрайым және шах фракциясы атынан Куркембаева Лиана мен Ғалым Нұрмұхаммед қатысты. Турнир нәтижесі бойынша шах фракциясы жалынды қарсылықтарымен және өз алаңын әділетті құрып жеңіске жетті.



https://www.instagram.com/reel/Co_sY1fteE4/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

2024 жылы қаңтар айындағы кездесу өте қызықты өтті. «Ұшқыр ой» алаңына алғаш рет шығып тұрған Айым бикеш пен Ақкөркем бикеш «Мектептегі ыңғайлы киім» мәселесі бойынша жақсы ойын көрсетті.



2024 жыл Альфа ұрпақ & ұлттық құндылық мектепшілік тәрбие саласының 10 күндік аясында “Бп Chatgpt қоғамның дамуын тежейді д.е.” тақырыбында дебат ойыны өткен болатын. Ойын Британдық парламенттік формат жүйесінде өтті. Ойын жоғары деңгейде өтті. Оқушылар жасанды интеллект туралы білімдерін кеңейтті. Ойынға 7”Ә”8 ”А” және 9 ”А”класс оқушылары қатысты.

Ойын нәтижесі бойынша

1 ранг Жабушы үкімет

2 ранг Жабушы оппозиция

3 ранг Ашушы оппозиция

4 ранг Ашушы үкімет алды.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз!!!



<https://www.instagram.com/reel/CrdxTENMFTd/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==>


«Alpha ұрпақ & ұлттық құндылық-2024» мектепішілік тәрбие саласының 10 күндігі аясында ұйымдастырылған дебат клубының пікірсайысы өтті. Тақырыбы: «Б. П Ар-Ұят қазақ қоғамының дамуын тежейді деп есептейді!» атты ұшқыр-ой алаңы керемет деңгейде өтті. Жеңіске жеткен үкімет тарапы «Шырақ» тобы 1орын алды. 2орынды «Шаңырақ» тобы алды. Жетекшісі: Диярова А.



Жас ұлан ұйымы мен Өзін-өзі басқару парламентінің белсенді мүшелері Мектепішілік дебат үйірмесінің «Жайлы мектепті тиімді деп есептейді» атты жолдастық кездесуі өтті. Кездесуге 2 фракция қатысып, жүлделі орындармен марапатталды.

1 орын: «Алаш жастары» фракциясы

2 орын: «Шам мен Шырақ» фракциясы. □ Жеңіске жетті.



Жалпы біздің мектептің дебат командасы жан-жақты дамып, түрлі турнирлерге қатысуға бағыт ұстап отыр. Осы жүргізілген жұмыстарды одан әрі қарай дамыту және алдағы оқу жылына өз мектебімізде үлкен облыстық деңгейдегі турнир ұйымдастыру. Турнирдің мақсаты: өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру; оқушылардың бойында жауапкершілік туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу; республикадағы пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау.

Қорытынды: үйірме жоспарға сай уақытылы жүргізіліп келеді. Оқушылар белсене қатысуда.

Ұсыныс: Оқушыларды облыстық турнирлерге белсенді түрде қатыстыру, тәжірибелерін арттыру.

Үйірме жетекшісі: А.А Диярова